

БЕКІТЕМІН:  
Мектеп меншерушісі Шалабаева Ж.С



### ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

<b>Білім беру үйімі</b>	Милы бастауыш білім беретін мектебі жаңындағы «Шұғыла» шағын орталығы				
<b>Топ/сынып</b>	<b>Ортаңғы топ</b>				
<b>Балалардың жасы</b>	<b>3 жасар балалар</b>				
<b>Жоспардың күрылу кезеңі</b>	<b>26.09-30.09.2022ж.</b>				
<b>Апта күндері</b>	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
<b>Күн тәртібі</b>					
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, кызыгуышылығын анықтау. <b>(сойлеуді дамыту)</b>				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кенес беру</b>	Баланың балабақшадағы тәртібі туралы ата-аналармен сөйлесу; балалардың денсаулығына назар аудару; балабақшадағы жаңалықтармен бөлісу; ата-аналарды белсенділікке шақыру.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қымылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)</b>	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларга қуыршақ кимдері мен төсек жабдықтарын жуу кезінде педагогке көмектесуді үйрету: балаларды жұмыс алдында алжапқыштарын киоді үйрету; жууға және кептіруге	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларга тарақтарды тазарту жұмыстарында педагогке көмектесуге үйрету: суланған тарақтарды шаю, оларды щеткалармен тазалау.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балалардың еңбекке дұрыс көзкарасын қалыптастыру, өз- өздеріне қызмет ету іскерліктерін дамыту.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды таза, ұқыпты болуға, дербес әрекеттерін жетілдіре түсуге, үйымшылдыққа тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды топ болмасынде реттілікті сақтауды үйрету: үстелдер, орындықтар, серелердің шаңын сүрту. Ойнап болған соң ойыншылдықтарын орын-орнына жинауға тәрбиелеу.

	<p><b>"Үй құрылышының ретін көрсет"</b> дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процестерін дамыту. <b>(тәнімдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>"Менің тұған қалам"</b> тақырыбында сюжетті суреттерді қараяу.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Тақырыпқа байланысты сұрақтар қою. Сұраққа толық жауап беруді балалардан талап ету. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p> <p><b>"Қай жерде шырылдады?"</b> дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау; алдын ала дайындық жұмысы: қоңырады дайындауды. <b>(музыка)</b></p>	<p><b>"Күз" мезгіліне байланысты сюжетті суреттер көрсету.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Тақырыпқа байланысты сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауап беруді балалардан талап ету. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>"Құрылышы"</b> тақпағын жаттау. <b>(Шекербек Садыханов)</b></p> <p>Колда темір қалағым, Саздан сарай қаладым.</p> <p>Алматыдан аумайтын Әсем қала саламын. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p> <p><b>"Менің қалам - Алматым"</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Қиялындағы қаланы құрастыру. <b>(құрастыру)</b></p> <p><b>"Дәл осындай ғулді тап"</b> үстел үсті ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттегі кескінге ұқсас заттарды табуға жаттығу, зейінділікке тәрбиелеу, балалардың сөйлеу</p>	<p><b>"Құрышақ қонаққа барады"</b> дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Ұзын - қысқа, жуан - жінішке, ұзындығы бірдей өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру. <b>(тәнімдық дағдылар, математика негіздері)</b></p>
--	--	--	--	--	--

				тілін қалыптастыру. <b>(тәнімдүк дағдылар)</b>	
<b>Таңертеңгі жаттығу</b>	<b>Жалпы дамыту жаттығулары (орамалмен)</b> 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дene тік, қол төменде. 1.1. Балалар орамалдарымен беттерін жауып, "тауып ал" дейді. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дene тік, қол төменде. 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, орамалдарын умаждаپ "жуамыз" дейді. 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, орамалдар тізе үстінде 3.1. Жерге шалқадан жатып, орамалдармен беттерін жауып "ұйықтайық" дейді. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дene бос, қол төменде. 4.1. Орамалдарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). <b>(дербес әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	<b>Шаттық шеңбері</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көніл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетке мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен	<b>"Қай қолымда көп?"</b> дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Аз және көп заттарды ажырату және салыстыруды жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту. <b>(тәнімдүк дағдылар,</b>	<b>"Көп және біреу"</b> дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Көп және біреу катаинастарын білуді үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру. <b>(тәнімдүк дағдылар,</b>	<b>"Суреттерді орналастыр"</b> дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.	<b>"Тәніп ал да, атын ата"</b> дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттың түртсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік корын молайту; ойлау қабілетін дамыту. <b>(сөйлеуді дамыту, тәнімдүк дағдылар)</b>

	<p>сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Бақыт толы шешберге, Шаттық толы шешберге Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>математика негіздері, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>негіздері, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>(сөйлеуді дамыту, тәнымдық дағдылар)</b></p>	
<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p>Дене шынықтыру "Күндей сары дөңгелек". Мақсат-міндеттері. Балаларды музика әуенімен бірінің артынан бірі шенбер жасап жүру, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен жүру және жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіру, жүгіріп келе</p>	<p>Дене шынықтыру "Беренемен жүреміз". Мақсат-міндеттері. Балалардың бөренемен жүру және допты лақтыру техникасын бекіту; ұйымдастырылған іс- әрекетті пысықтау; балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. <b>"Допты дәлдең лақтыр" қимылды</b></p>	<p><b>Музыка</b> "Ата Заңым ардақты". Мақсат-міндеттері. Балалардың әнді тындауға допты лақтыру техникасын бекіту; ұйымдастырылған іс- әрекетті пысықтау; балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Дене шынықтыру "Домалайды алмалар". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі сап түзеп аяқтың ұшымен және өкшемен жүргүре жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жасай білу дағдысын</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> "Ойыншықтарым көп менің, бәрін жақсы көремін!" Мақсат-міндеттері. Қазақ тілін тыңдал, түсінуді үйрету, ойыншықтарды атауға, ересек адамдардың өтінішіне жауап беру, өз өтініш білдіруге сұрақтарға жауап беруді; сөздердегі дауысты дыбыстарды дүрыс дыбыстауға үйрету. "Қораптың ішінде не бар?" дидактикалық ойныны. <b>"Бізбен бірге ойнандаршы"</b> сергіту сәті.</p>

	<p>жатып, жай жүріске тұсу және аяқтың ұшымен денелерін тік ұстап жүру іскерліктерін дамыту; бөренемен жүру, допты лақтыру іскерліктерін қайталау.</p> <p><b>"Орамалды әкел" қимылды ойны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалар кедергілерден өтіп, орамалды алып келу керек.</p>	<p><b>Ойны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Допты қолға женіл ұстап, нысанага дәлдеп лақтыруды үйрету.</p>	<p>жетілдіру; дыбысты есту қабілеті мен хорда ән айтуда дағдыландыру; дауыстың жоғары және төмен ыргақтарын ажыратада білу қабілетін қалыптастыру;</p> <p>Қазақстан туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p><b>"Топ-хоп" ойны</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Шапшандыққа, байқампаздыққа, төзімділікке үйрету.</p> <p>Барысы. "Топ" дегенде балалар орындарында тұрып, аяқтарын топылдатады, педагог "хоп" дегенде балалар екеу-екеуден жылдам бірігеді.</p>	<p>допты аяқпен қайышалап ұстап, отырып-тұрып домалату дағдысын үйрету.</p> <p><b>"Коян" қимылды ойны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Бірінің артынан бірін тұрғызып, қоян сияқты жүгіріп кеп, сәбізді жегендей қимыл көрсету керектігін және жүруді үйрету.</p>	<p>"Не алып келдің?" жаттығуы. "Мә, ... ала ғой" жаттығуы.</p> <p><b>"Ойыншықтар шаршады" рефлексия.</b></p> <p>Ойыншықтарым көп ойнап, Бүгін қатты шаршады. Жетер, шенберде ойнап, Тынығындар үйиқтап! Тыныш! Тыныш! Шуламаңдар! Элди, әлди ... Үйиқтаңдар.</p> <p>(Автор: Тусипжанова - Шагирова А. Т.)</p>
<b>Серуенге дайындық</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуга бағытталған жекедара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
<b>Серуен</b>	<b>Құстарды бақылау.</b>	<b>Сауысқанды</b>	<b>Бұлттарды</b>	<b>Шетенді бақылау.</b>	<b>Жүргізушілердің еңбегін</b>

<b>(қоршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b> Мақсат-міндеттері. Көлеміне, қозғалу тәсілдеріне назар аудара отырып, әртүрлі құстардың сыртқы түрінің айырмашылығын таба білуге үрету.	<b>бақылау. (қоршаган ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)</b> Мақсат-міндеттері. Сауықсанның пайда болуы, оған тән ерекшеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру; қыстайтын құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	<b>бақылау. (қоршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b> Мақсат-міндеттері. Өлі табиғат күбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға қызығушылықтарын арттыру.	<b>(коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b> Мақсат-міндеттері. Шетеннің сұық мезгілде жануарлар мен құстарға тигізетін пайдасы туралы білімдерін бекіту.	<b>бақылау. (қоршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың жүргізуші жұмысы туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру; ересектердің жұмысына қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу.
<b>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (кураған жапырақтарды бір ортага жинау).</b> Мақсат-міндеттері. Топта жұмыс істеуді үйрету, ересектерге көмек көрсету.	<b>Көркем сөз.</b> Қадыр Мырза Әли "Сауықсан". Ала қанат сауықсан, Жауыр атқа жабысқан.	<b>Көркем сөз.</b> Қайда қалқып баراسың? - Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін!	<b>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі тастарды жинау).</b> Мақсат-міндеттері. Тазалықты байқау қабілетін қалыптастыру.	<b>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі тастарды жинау).</b> Мақсат-міндеттері. Тазалықты байқау қабілетін қалыптастыру.
<b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстар мен мысық" (2-3 рет ойнатылады). (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың	<b>Ойда жауыр көрінсе, Ойбайлатқан сауықсан.</b> Кырда жауыр көрінсе, Киқаңдатқан сауықсан.	<b>Нөсерлесең нөсерлөт!</b> - Бұлт дегеніміз не? - Бұлттардың түсі қандай болады?	<b>Қимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Ұшақтар", "Торғайлар мен мысық". (дене шынықтыру)	<b>Қимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Ұшақтар", "Торғайлар мен мысық". (дене шынықтыру)
<b>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек</b>	<b>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек</b>	<b>- Бұлтар неден тұрады? (сан жетпейтін су</b>	<b>Мақсат-міндеттері.</b> Педагогтің белгісі бойынша	<b>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі тастарды жинау).</b> Мақсат-міндеттері. Тазалықты байқау қабілетін қалыптастыру.

<p>денсаулыққа, ойынга құштарлықтарын дамыту, балалардың дene қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауга баулу, ойынга қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; балаларды саламатты өмір салтына тәрбиелеу.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далага алып шығатын материалдармен ойындар.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз күрдастарымен қарым-қатынасқа</p>	<p><b>тапсырмалары (күзгі жапырактарды жинау).</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Жұмыс тапсырмаларын ықыласпен орындауды үрету.</p> <p><b>Қимыл-қозгалыс ойындары:</b> "Қарға мен ит", "Допты ұста". (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Құстардың қимылдары мен дыбыстарына еліктеуді үрету; допты екі қолмен ұстая іскерліктерін жетілдіру.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері,</b> қозғалыстарды дамыту.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Тепе-тендікті сақтауды, бір аяққа</p>	<p>тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен)</p> <p>- Бұлттардың қандай түрлерін білесіндер? (түйдек бұлттар, шарбы бұлттар, қатқабат бұлттар, түнерген наизағайлы бұлттар)</p> <p>- Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек-түйдек болып тұрады)</p> <p>- Шарбы бұлттар неге ұқсайды? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады)</p> <p>- Ең үлкен бұлттар қай бұлттар?</p> <p>(түнерген наизағайлы бұлттар)</p> <p>- Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар,</p>	<p>қимылдарды тез орындауға және көрсетілген бағытта жүгіруді үрету.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b> "Себетке дәл лақтыр".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Дәлдікті дамыту.</p>	
---	---	---	--	--

түсө білуін қалыптастыру.	тұрып қолды белге қоюды үйрету.	<p>тұнерген бұлттар)          - Бұлттар неліктен          аспанда жүреді?          (оларды жел қуады)</p> <p><b>Ересек адамдармен</b>  <b>орындалатын</b>  <b>қарапайым еңбек</b>  <b>тапсырмалары</b>          (жемшашарды ілуге          көмектесу).</p> <p>Мақсат-міндеттері.          Құстарға қамқорлық          жасауға ықыласты          тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс</b>  <b>ойындары:</b>          "Жылқы",          "Мысық пен          тышқан". (dene          шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері.          Шашыраңқы          жүгіруге, тепе-          теңдікті сактауды          үйрету.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын</b>  <b>әрекеттері, далаға</b>  <b>алып шығатын</b>  <b>материалдармен</b></p>		
------------------------------	------------------------------------	---	--	--

			<b>оыйндар.</b> Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын тандау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.		
<b>Серуеннен оралу</b>	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қымылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<b>"Торғайлар мен қаргалар" театрландырылған оыйн.</b>  Мақсат-міндеттері. Зейінді, төзімділікті, ептілікті дамыту. Барысы: балалар еki топқа бөлінеді: "Торғайлар" және "Қаргалар". Содан кейін бір-біріне арқаларын қаратып, түзу еki қатарда тұрады. Педагог атаған топ ұстап	<b>Көркем әдебиеттен оыйн-жаттығулар</b>  "Тұған өлкем". Мақсат-міндеттері. Балаларды туған өлке туралы өлеңнің мазмұнымен тәнисыту; өлең жолдарындағы көркем сөз атауларын шынайы айтуға жаттықтыру; өлеңнің мазмұнындағы сөздерді мұқият тындалп, есте сақтай	<b>"Күлкілі маймылдар"</b>  театрландырылған оыйн.  Мақсат-міндеттері. Зейінді, бақылауды, реакция жылдамдығын дамыту.  Барысы: балалар шашыранқы тұрады, оыйнда балалар маймылдар болады. Олардың алдында бала - хайуанненн бағына келуші, ол	<b>Жапсырудан оыйн- жаттығу</b>  "Менің үйім осындей".  Мақсат-міндеттері. Балаларды дайын шаршы, үшбұрыш пішінді қағаздар арқылы үй бейнесін құрастырып, жапсыруды үйрету; геометриялық пішіндер қасиеттері және желімдеу техникасы жөнінде ұғымдарды	<b>Қоршаган ортамен танысадан оыйн-жаттығу</b>  "Алтын күз".  Мақсат-міндеттер. Балаларды күз маусымының алғашқы өзгерістерімен таныстыру; күз маусымында жанды және жансыз табиғатта болатын алғашқы өзгерістердің маңызы туралы түсініктерін кеңейту; балалардың қарапайым экологиялық мәдениетін қалыптастыру; алтын күз туралы ұғым беру. <b>"Күзгі өзгерістерді тап"</b> <b>дидактикалық ойыны.</b>

<p>алады; аты аталмаған топ "ұйлерге" қашады (орындықтарда немесе белгілі бір сзызыққа дейін). Педагог баяу сөйлейді: «Қар... - ға ... -лар...». Осы сэтте екі топ қашып кетуге дайын болады. Қарапайым нұсқа: педагог атаған топ қол шапалақтайды, екінші топ орындарында қалады. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>білуге үйрету. <b>"Қазақстанның Тұын тап" ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға Қазақстан Республикасының Тұын тануды, син-сипатын айтуды үйрету.</p>	<p>әртүрлі қимылдар мен қимылдарды орындаиды. "Маймылдар", баланың іс-әрекеттерін қайталаиды. (<b>көркем адебиет</b>)</p> <p><b>Шығармашылық</b> "Жапырақтар түсіп жатыр". Мақсат-міндеттері. Балалардың күз мезгілінде жапырақтардың түсүі туралы ұғымдарын кенейту; түрлі түсті жапырақтар жөнінде түсінік беру; ермексаздан түрлі түсті жапырақтарды жасау икемділіктерін жетілдіру.</p> <p><b>"Жапырақтар ұшты" саусақ жаттығуы.</b> Қолдар жапырақ екен, (алақандарды</p>	<p>қалыптастыру. <b>Саусақ жаттығуы.</b> Үйді салғым келеді (шапалақтау), Қабырғасы керегі (шапалақтау), Қабат-қабат кірпіштер (жұдырықтарды бір-бірінің үстен қойып, орындарын алмастыру), Қатар-қатар кезегі (жұдырықтарды бір-бірінің үстен қойып, орындарын алмастыру).</p> <p>Шатыр болса тәбесі (кос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың тәбесіне қою), Ұшбұрыштай жебесі (кос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың тәбесіне</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Күз мезгілінде болатын өзгерістерді табу. (сөйлеуді дамыту)</p> <p><b>"Құмырсқалар" ритмопластика.</b> Мақсат-міндеттері. Қеңістікті бағдарлай алу қабілеттерін жетілдіру, зейінді жаттықтыру. Барысы: педагогтің шапалағымен балалар залдың ішінде ретсіз қозғала бастайды, басқа балалармен соқтығыспай және бос қеңістікті толтыруға тырысады. (дene шынықтыру, танымдық дағдылар)</p>
--	--	--	---	--

			<p>жайып, саусақтарды тікірейтіп, ары-бері айналдыру) Бұтада отыр екен. (саусақтарды жұдырықтарға қысып алу) Жел соғып жұлып алса, (алақандарды ашу) Ұшады жеке-жеке. (саусақтарды еркін қимылдау) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p>	<p>қою), Терезелер - көзайна (көздерді ашып-жұму). Мен ғой - үйдің иесі (алақандарды өз кеудесіне салу). <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<p><b>"Күз" тақпағын жаттау.</b> Мақсат-міндеттері. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. Тұрдыбек Досанов "Күз". Ұшырды жапырақты жел екпіні, Ол, сірә, көрді дейсін елеп кімді.</p>	<p><b>"Жау, жау, жаңбыр!" тақпағын жаттау.</b> Мақсат-міндеттері. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. Шеміл</p>	<p><b>"Өз үйінді тап"</b> дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Өз қаласы туралы, ондағы үйдің орны, әртүрлі ғимараттар туралы білімді қалыптастыру;</p>	<p><b>"Суреттерді орналастыр"</b> дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>Жыл мезгілі жайлы</b> әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. Қарапайым сұрақтарға толық жауап беру іскерліктерін жетілдіру.</p>

	<p>Жоғалтқан ойыншығын жас баладай, Мұңайып үй артында терек тұрды. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>Күткеніміз сен едің. Жас егін де ержетіп, Желкілдетсін желегін.</p> <p>Жау, жау, жаңбыр, тағы да, Дала, тауға көрік бер. Менің еккен бағымда Өссін жүзім, өріктер. <b>(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>арасынан өз үйін таба білу қабілетін дамыту; балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу қабілеті; балалардың туған жеріне</p> <p>кызығушылығын арттыру.</p> <p>Барысы: балаларға бірнеше ғимараттан тұратын суреттер ұсынылады, олар өз үйлерін тауып, жауап іздеуі керек. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>		
<b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-аналарға кенес)	Жаднама: "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?"	"Немерелерді тәрбиелеуге арналған бірнеше кеңестер" қабырға газеті.	"Баланың қымыл белсенділігін қалыптастырудың отбасының рөлі" әңгімелесу.	"Бала танымын дамытудың маңыздылығы".	Ата-аналарға кенес. "Демалысты пайдалы өткізу".

